



«Бекітілді»

Ғылыми кеңес отырысында

№ 8 хаттама «28» 03 20 25 ж.

Ректор *Б.Т.Шакешев* Б.Т.Шакешев

«28» 03 20 25 ж.

Білім беру бағдарламасы

Даярлау бағыты: 6B017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер дайындау

Берілетін дәреже: 6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасы бойынша білім бакалавры

БББ шифрі және атауы: 6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті»

Түскен жылы: 2025


Кафедра мәжілісінде қаралды
№ 8 хаттама «17» 03 2025 жыл

Кафедра меңгерушісі 
(қолы)

Азғалиев М.К.
(ТАӘ)

Институт кеңесі отырысында талқыланды


№ 8 хаттама «26» 03 2025 жыл

Институт директоры 
(қолы)

Тасмағамбетов А.С.
(ТАӘ)

ОӘК отырысында мақұлданды

№ 8 хаттама «28» 03 2025 жыл


Оқу ісі жөніндегі проректор 

Мапанова С.А.

Келісілді:


Орал қаласы, №14 ЖОББМ директоры
(лауазымы, ұйым атауы)

(қолы)


Мурадимова Тамара Мұсақызы
(аты-жөні)


Орал қаласы, Хиуаз Доспанова атындағы
№30 ЖОББМ КММ директоры
(лауазымы, ұйым атауы)

(қолы)


Кабдуллиева Дарья Хайроллаевна
(аты-жөні)


Орал қаласы, «Зейін» университет мектебі»
жеке меншік ЖББМ
(лауазымы, ұйым атауы)

(қолы)


Максимов Даулет Серғалиұлы
(аты-жөні)

«ABYROI SCHOOL ORAL»
ЖШС директоры
(лауазымы, ұйым атауы)

(қолы)


Рамазанов Абылай Асқарұлы
(аты-жөні)



МО



МО



МО



МО

Білім беру бағдарламасының мазмұны

1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2.	Пәндер сипаттамасы	8
3.	Модульдер сипаттамасы	22
4.	Оқу жоспары	36

I. Білім беру бағдарламасының паспорты

Тіркеу нөмірі	6B01700125
Білім беру саласының коды және жіктеуіші	6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды және жіктеуіші	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер дайындау
Білім беру бағдарламаларының тобы	B016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау
Білім беру бағдарламасының шифрі және атауы	6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті
Дайындық бағытына лицензиясының нөмірі	KZ70LAA00005828 №065 от 30.09.2015
Бағдарламаның аккредиттелуінің бар болуы	Ия АРТА, 04.12.2021-03.12.2024
БББ түрі	Қолданыстағы білім беру бағдарламасы
БББ мақсаты	Білім беру бағдарламасының басты мақсаты – білім саласының жоғарғы білікті мамандарын дайындайтын, сондай-ақ білім беру процесіне инновациялық технологияны енгізе отырып, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған білімді іске асыру.
БББ міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқытудың жаңа технологиясын жетік меңгерту және оны жұмыс барысында оңтайлы пайдалана білуге үйрету; 2. Қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік құрылымы мен теориялық мазмұнын терең меңгерту; 3. Жалпы тіл біліміндегі осы заманғы ғылыми концепциялар мен жетістіктер туралы мәліметтер беру; 4. Ұлттық әдебиеттің жалпы даму жолы, белесті кезеңдері, көркемдік-эстетикалық мәселелері жөнінде түсінік қалыптастыру; 5. Сөз өнері, әдеби шығарма, көркемдік категориялар жөнінде терең теориялық білім беру; 6. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін терең меңгерту.
Кәсіптік стандарт негізінде әзірленді (бекітілген күні) (егер болған жағдайда)	Педагог Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттар
ҰБШ бойынша деңгей	6
СБШ бойынша деңгей	6 (1)
Оқыту нәтижелері	<ul style="list-style-type: none"> - Қоғамдағы, қоршаған орта туралы қатынастардың құқықтық және этикалық нормалары туралы түсінікке ие болу, орыс әдебиетінен, мәдениеттанудан, қоғамдық-әлеуметтік ғылымдардан алған білімдерін қолдана білу, қазақ және шет тілдерінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгеру; экономика негіздерін, кәсіпкерлік қызметтің мәнін түсінуді көрсету, денсаулық сақтау және тіршілік қауіпсіздігі мәселелерін ескеру; оқу және күнделікті іс-әрекетте тұрақты даму принциптерін қолдану. (ON 1); - Қазіргі заманғы технологияларды игеру, кәсіптік қызмет саласында ақпараттық технологияларды пайдалана білу; негізгі компьютерлік бағдарламалық жүйелерді құру үшін ұсынылған жасанды интеллект принциптерін қолдану; қаржы нарығы жағдайында жеке қаржыны пайдалана білу сауаттылығы. (ON 2); - Мектептегі білім берудің мазмұнын, психологиялық, педагогикалық ғылымдардың әдіснамалық қағидаттарына сәйкес оқытуды ұйымдастырудың нысандары мен әдістерінің сипаттамасын білу, инклюзивті білім туралы Нормативтік-құқықтық құжаттарды білу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының жеке қажеттіліктерін ескеру; педагогикада инновациялар мен жаңа технологияларды қолдану туралы білімге ие болу. (ON 3); - Педагогика теориясына сәйкес білім беру үрдісінде ұйымдастырушылық қабілеттерге ие болу; педагогикалық менеджмент туралы білімдерді меңгеру; гигиена талаптарын сақтау, еңбекті қорғау мен салауатты өмір салтын

	<p>калыптастыру; жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеудің бағдарламалары мен әдістемелерін жобалай, әзірлей білу. (ON 4);</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бала құқығы мен мүддесін қорғай білу, құрметтеу; педагогикалық этика нормаларын сақтау, педагог мамандығының әлеуметтік маңыздылығын ұғыну, өз бетінше білім алуға және өзін-өзі тануға ұмтылу, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманауи әдістерінің жай-күйін бағалау қабілетіне ие болу, білім берудің әдістерін, тәсілдерін, түрлерін саралай білу, ақпаратты сараптап, сақтау үшін заманауи компьютерлік техниканы пайдалану дағдысына ие болу; цифрлық технологияларды меңгеру; оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын қолдану. (ON 5); - Қазақ тілінің даму тарихын, тілдік жүйесін және тілдік категорияларды, игерілетін тілдердің орфографиялық, орфоэпиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларын білу, лингвистикалық зерттеу мен сипаттаудың әдісі мен әдіснамасын, қазіргі қазақ жазуының емлесін игеру, тіл мен танымның байланысын, тілдің әлеуметтік мәнін талдай білу. (ON 6); - Филологиялық пәндер саласында базалық білімге ие болу; тіл білімінің негізгі салаларын білу: фонетика, морфология, лексика, синтаксис, стилистика, қазақ тілі мен әдебиетінің қазіргі жағдайын, оның білім берудің басқа салаларымен қарым-қатынасын, болашақ дамуы мен әдіснамалық негіздерін білу, қазақ тілінің жаңа бағыттарын: семасиология, морфонология, синтагма, когнитивті лингвистика, тілдік қатынас, әлеуметтік лингвистиканы игеру, қазақ әдебиетінің дамуындағы негізгі кезеңдердегі және шетел балалар әдебиетіндегі әдеби тұлғаларды білу. (ON 7); - Әлемдік әдебиеттану ғылымының жетістіктеріне, бұрынғы озық, әдеби-теориялық ой-пікірлерге сүйенетін әдебиеттану пәндерін игеру; филология ғылымының негізгі элементтерін: қазақ әдебиетінің маңызды тұлғаларын, ұғымдарын, тарихи кезеңдерін білу, ерте және орта ғасырлардағы әдеби мұраларды игеру, балалар әдебиетімен таныс болу, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тарихы мен әдістемелік негіздерін игеру. (ON 8); - Шығармашылық қызметтің теориялық негіздерін білу, білім беруде авторлық инновациялық идеяларды іске асыра білу, стандартты емес және балама шешімдерді таба білу, сыни тұрғыдан ойлай білу, жаңа педагогикалық идеяларды генерациялай білу; нормативтік құжаттарды, оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық технологияларды зерделеуде мәтінмен жұмыс істей білу, педагогикалық шешендік дағдыларын меңгеру; оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру. (ON 9); - Әдеби тілдің тарихи негіздерін, даму кезеңдерін, жазбаша әдеби тілдің стильдерін және қазақ жазуының тарихын, орфография және пунктуация негіздерін, тілдік қарым-қатынас негіздерін білу, тілдік (фонетикалық, лексикалық, семасиологиялық, морфологиялық, морфологиялық, синтаксистік) талдауларды сауатты орындау. (ON 10).
Оқыту нысаны	Күндізгі
Оқыту тілі	Қазақ
Академиялық кредиттер көлемі (ECTS)	240
Оқытудың типтік мерзімі:	4 жыл
Берілетін академиялық дәреже	6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасы бойынша білім бакалавры
Кәсіби қызмет ету саласы	<p>Білімдік (педагогикалық) қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазақ тілі мен әдебиетінің қазіргі жағдайы, оның басқа білім салаларымен өзара байланысы, оның даму болашағы мен оқытудың әдістемелік негіздері туралы түсінігі, өзінің келешек кәсібінің әлеуметтік маңызын және мәнін түсінуі; - аталмыш мамандық пәндеріне сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті саласының негізгі түсініктерін, заңдылықтары мен әдістерін және кәсіби іс-әрекетінде туындайтын міндеттерді шешуде ғылымның қазіргі жетік, жаңашыл әдістерін

	<p>колдануды, педагогиканың, психологияның және әдістемесінің теориялық және қолданбалық аспектілерін меңгеру;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістері мен тәсілдерін, сынақ қою мен жоспарлауды, нәтижелерін талқылау және талдауды, сабақты өткізу және жоспарлауды, инновациялық әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды, аударма мәселесін, теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуді меңгеру; - педагогикалық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану. <p>Оқу-тәрбиелік қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүйелік, кешендік және сабақтастық принципін ескере отырып жоспарлауы; - өз пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстың оңтайлы формалары мен әдістерін таңдау және қолдануы; - оқушылар ұжымымен, сол сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен педагогикалық өзара байланыс орната білуі. <p>Оқу-технологиялық қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ақпараттық көздерді (мультимедиялық оқыту бағдарламаларын, электронды оқулықтарды, ТВ-технологияларды, интернеттік жүйелер) пайдалануы; - кейін субкомпетенциялар мен құзыреттерге айналатын интегративтік білімдер мен біліктерді меңгеру; - жұмыста кездесетін келеңсіз жағдайларды талдау (келеңсіз жағдайларды шешу әдісін меңгеру); - кәсіби қызметке қатысты тапсырмаларды әзірлеу әдісін меңгеру; - топтық пікірталас негізінде топтық шешім қабылдау, шығармашылық міндеттерді шешу, жобалау болып табылады. <p>Әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тілдік білім беру тұжырымдамасын білу. <p>Эксперименттік-зерттеу қызметі саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқу-тәрбие процесін бақылау, бақылап отырған фактілер мен құбылыстарды талдау және олардың себеп-салдар байланыстарын анықтау, олардың дамуын болжауы; - сынып ұжымының ерекшеліктерін, оқушылардың мүдделерін, олардың оқып отырған пәнге қатынасын талдауы; - оқу материалын, оқыту құралдарын талдау, күтілетін нәтижелерді болжауы; - өзінің кәсіби әрекетін, оқушылардың оқу әрекетін талдау; - баспа және ақпараттық көздерден ғылыми ақпаратты іріктеп алып, сын елегінен өткізу арқылы пайдалану; - барлық бақыланып және талданып отырған құбылыстарды белгілі теориялық-әдіснамалық тұрғысынан түсіндіруі; - процесс нәтижелерін анықтайтын негізгі факторларды бөліп көрсетуі; - қол жеткен және тиісті нәтижелерді салыстыру, оның белгілі тұжырымдамалық негізде даму перспективасын болжауы; - ғылыми ақпаратты іріктеу және сын елегінен өткізе отырып пайдалануы; - әмбебап жаплы ғылыми таным әдістерін меңгеру; - күрделі емес әдістемелік экспериментті жоспарлау және өткізуі; - зерттеудің дидактикалық тиімді нәтижелерін өзінің кәсіби-педагогикалық әрекетіне енгізуі; - эксперименттік-зерттеу жұмысының позитивті нәтижелерін баяндама, хабарлама, ғылыми мақала, әдістемелік құрал түрінде рәсімдеу және насихаттауы. <p>Ұйымдастырушылық-басқару қызметі саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқыту әрекетін жоспарлау барысында қазақ тілі мен әдебиетін меңгерудің объективтік заңдылықтарын ескеруі; - сабақтың нақты мақсаты мен міндеттерін анықтау, оқушылардың ортақ әрекетінің бағдарламасын белгілеуі; - нақты сабақтың мақсаты мен түріне сәйкес оқу материалын жоспарлауы;
--	--

	<ul style="list-style-type: none"> - өзінің кәсіби әрекетін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мазмұны мен оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын қазіргі талаптар тұрғысынан жоспарлауы; - өз әрекетін және оқушылар әрекетін сабақтың белгілеген жоспарын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастыруы; - өткізілген және қатысқан сабақ нәтижелерін талдауы; - бақылаудың әдістемелік мақсатын анықтауы; - бақылау нысанын бөліп көрсету, олардың сол сыныпқа арналған бағдарлама деңгейіне сәйкестігін орнатуы.
Кәсіби қызмет нысаны	<ul style="list-style-type: none"> - мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымдары; - бастауыш, негізгі және бейіндік мектептер; - мамандандырылған мектептер; - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары болып табылады.

3. Пәндер сипаттамасы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Цикл, компонент	Кредит саны	Қалыптасатын білім беру нәтижелері (кодтар)										
					ON1	O N2	O N3	O N4	O N5	O N6	O N7	O N8	O N9	O N10	
1.	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты-ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейін Қазақстан тарихын дамытудың негізгі кезеңдері туралы объективті білім беру. Білім алушыларды іргелі деректану және тарихнамалық материалдармен, сондай-ақ Қазақстанның қазіргі заманғы тарих ғылымының жетістіктерімен таныстыру; гуманитарлық білім жүйесіндегі Қазақстан тарихының рөлін анықтау; дамудың қазіргі кезеңінің өзекті мәселелерін талдау үшін Қазақстан тарихының объектісі мен пәнінің ерекшелігін анықтау	Жалпы білім беру пәндері	5	+	+									
2.	Философия	Пәннің мақсаты - студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Пәнді оқу барысында білім алушылар философияның даму кезеңдері, қазақ философиялық ойының ерекшелігі туралы білім алады, философияның негізгі мәселелерімен, ұғымдарымен және категорияларымен танысады. Қазіргі заманғы маманды даярлау жүйесіндегі философияның рөлі оның зерттеу объектісімен анықталады, ол адам және оның табиғатпен және қоғаммен байланысы ретінде қарастырылады. Ол адамның дүниетанымдық, адамгершілік және мағыналық өмірлік бағдарларын қалыптастырады.	Жалпы білім беру пәндері	5	+	+									
3.	Экологиялық қауіпсіздік және тұрақты даму модулі (экология, өмір қауіпсіздігі	Модульдің мақсаты-білім алушыларда тұрақты даму, қоршаған ортаны қорғау және қызметтің түрлі салаларында тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаттарын түсіну үшін қажетті білім мен құзыреттерді қалыптастыру. Модуль қоғамның ұзақ мерзімді дамуына және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған экологиялық мәдениетті, әлеуметтік жауапкершілікті және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.	Жалпы білім беру пәндері	5	+										

	және тұрақты даму негіздері)																		
4.	Қазақ (орыс) тілі	Пәннің мақсаты-тілдерді оқытудың халықаралық стандарттарына сәйкес қазақ(орыс) тілін оқыту, болашақ маманның қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси, кәсіптік салаларында коммуникация құралы ретінде қазақ(орыс) тілін қолдану құзыреттілігін қалыптастыру. Пән әлеуметтік-мәдени білімді қалыптастыруға, студенттің коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруге, жеке әлеуетін дамытуға бағытталған.	Жалпы білім беру пәндері	10	+	+													
5.	Шетел тілі	Пәннің мақсаты - білім беру процесінде студенттердің шетел тілінде мәдениетаралық - коммуникативтік құзыреттілігін жоғары және базалық жеткілікті деңгейде қалыптастыру. Пән шетел тілінің лексикасы мен тілдік ерекшеліктерін игеруге, коммуникативтік-функционалдық құзыреттілікті қалыптастыруға, жеке тұлғаның мәдениетаралық қарым-қатынас қабілеті ретінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.	Жалпы білім беру пәндері	10	+	+													
6.	Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар	Пәннің мақсаты - ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Пәнді игеру кезінде білім алушылар компьютердің архитектурасының, операциялық жүйелердің және желілердің тұжырымдамалық негіздерін меңгереді; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары жайлы, желілік және веб қосымшаны құру тұжырымдамасы жайлы білімі қалыптасады.	Жалпы білім беру пәндері	5		+				+									
7.	Экономикалық-құқықтық білім модулі (экономика, қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері,	Модульдің мақсаты - студенттердің экономика, қаржылық сауаттылық және құқық саласындағы теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру. Бұл модуль білім алушыларда экономика саласындағы базалық білім мен практикалық дағдыларды, қаржылық сауаттылықты және қазіргі қоғамда және кәсіби қызметте табысты бейімделу үшін қажетті құқықтық негіздерді қалыптастыруға бағытталған.				+	+												

	құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері)																	
8.	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	Пәннің мақсаты - «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы» мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу мәнмәтінінде (контекстінде) білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру. Пән әлеуметтануды, саясаттануды және мәдениеттануды, психологияны оқуды қамтиды, олардың әрқайсысының өзіндік пәні, терминологиясы және зерттеу әдістері бар. Аталған ғылыми пәндер арасындағы өзара іс-қимыл ақпараттық толықтыру қағидаттары; интегративтілік; осы пәндердің зерттеу тәсілдерінің әдіснамалық тұтастығы; нәтижеге бағдарланған оқыту әдіснамасының ортақтығы; қалыптасқан қабілеттер ретінде оқыту нәтижелерінің типологиясын бірыңғай жүйелі ұсыну негізінде жүзеге асырылады.	Жалпы білім беру пәндері	8	+	+	+											
9.	Дене шынықтыру	Пәннің мақсаты-студенттердің әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін және кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты пайдалану қабілетін қалыптастыру. Пән тиімді кәсіби еңбекке қабілеттілікті және денсаулық сақтау үшін өмірлік маңызды дене қасиеттерін дамыту жолында дене шынықтыру және спортты қолдану бойынша базалық ғылыми-негізделген білім беруге, дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі мен әлеуметтік-мәдени құндылықтарын дамыту бойынша әртүрлі дағдылар мен қабілеттерге ие болуды қамтамасыз етуге бағытталған.	Жалпы білім беру пәндері	8				+	+									
10.	Балалардың жас және физиологиялық даму ерекшеліктері	Мақсаты: оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, білім алушылардың дамуын бақылау, жасына сәйкес оқу процестерін жоспарлау және енгізу, жалпыға бірдей оқыту мен оқушылардың әл-ауқатын шығармашылық қолдау. Студенттер: * әр түрлі оқушылардың жеке бастапқы нүктелерін, олардың оқу әлеуетін және нақты қолдау қажеттіліктерін тану *	Оқушыларға білім беру және дамыту	3				+	+									

		оқушылардың нақты қолдау, басшылық, оқыту және бағалаудағы жеке қажеттіліктерін қарастыру																
11.	Педагогика	Курстың мақсаты – студенттердің балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру. Пән педагогика ғылымының әдіснамалық негіздерін, тәрбие мен оқыту процесінің мақсаттары мен міндеттерін, оқыту әдістері мен формаларын, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруге бағытталған.	Оқушыларға білім беру және дамыту	4			+	+	+									
12.	Оқу (таныстыру) практикасы	Шешілетін нақты педагогикалық міндеттер. Практикаға қажетті педагогикалық, психологиялық, қоғамдық, саяси және арнайы білім. Оқу практикасына қойылатын талаптар. Оқу-тәрбие жұмысындағы бүгінгі заман талабына сай алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелер. Педагогикалық қызмет процесінде студенттердің университеттен алған теориялық білімдерін қолдану арқылы іс-тәжірибеде тереңдетіп, бекіту және жан-жақты пайдалана білу.	Оқушыларға білім беру және дамыту	2			+	+	+									
13.	Инклюзивті білім беру ортасы	Мақсаты: оқу/оқыту процесінде оқушылардың әртүрлілігін түсіну және ескеру, олардың өмірінің мәнмәтінін ескере отырып, әл-ауқатты психологиялық және этикалық тұрғыдан қолдау. Студенттер мүмкін: * әртүрлілікті қабылдау, қатысу мен оқуға кедергілерді анықтау * даму басымдықтарын анықтау, іс-шараларды жоспарлау білім беру бағдарламаларын бейімдеу, сараланған сабақтарды әзірлеу * инклюзивті құндылықтар негізін құру және оқушылардың қатысуы мен үлгерімін қолдау мақсатында мектеп қоғамдастығында ынтымақтастыққа жәрдемдесу	Оқушыларға білім беру және дамыту	4			+	+	+									
14.	Кәсіби орыс тілі	Пәннің мақсаты - деңгейлік дайындыққа сәйкес сөйлеу әрекетінің түрлерін сәтті меңгеру. Пән әртүрлі тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени жағдайларда тілді меңгеру дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге, кәсіби қарым-қатынас, коммуникативтік мақсатқа және қарым-қатынастың кәсіби саласына сәйкес ауызша және жазбаша сөйлеуді өндіру дағдыларын қалыптастыруға, бұл білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыруға ықпал ететін қазақ (орыс) тілінде өнімді тілдік іс-жүргізудің нысандарын дамытуға бағытталған.	Кәсіби-коммуникативті	4	+	+												

15.	Кәсіби бағытталған шетел тілі	Пәннің мақсаты студенттердің кәсіби сипаттағы ақпарат алу үшін мамандандырылған әдебиеттерді оқу және аудару дағдыларын және кәсіби тақырыптар бойынша әңгімелесу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Пән студенттердің кәсіби қызметінде тәжірибеде сәтті қолдану үшін қажетті шет тілін меңгеру деңгейіне қол жеткізуге бағытталған.	Кәсіби-коммуникативті	4	+	+												
16.	Білім берудегі менеджмент	Пәннің мақсаты – білім берудегі басқару үдерісін психологиялық тұрғыдан зерделеу. Басшы тұлғасы, ұжымдағы психологиялық климат, тиімді басқарудың психологиялық критерийлері, жарнама мен көшбасшылық психологиясы, басқарудың әлеуметтік және теориялық негіздері қарастырылады.	Ұйымдастыру және басқару	5			+	+										
17.	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Пәннің мақсаты – болашақ мұғалімдердің тәрбиелік іс-әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асыруға кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру. Курста тәрбие процесінің мазмұны, мектеп пен сыныптағы тәрбие жүйесі, ҚР-дағы тәрбие тұжырымдамасы, сынып жетекшісінің қызметі, қиын және дарынды балалармен жұмыс, ұжым қалыптастыру ерекшеліктері, сондай-ақ тәрбие жұмысын жоспарлау технологиясы мен әдістемесі қарастырылады.	Ұйымдастыру және басқару	4				+	+									
18.	Оқыту мен бағалаудың сараланған әдістемесі	Пәннің мақсаты-оқушылардың мүмкіндіктерін, қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін тиімді жоспарлау және іске асыру үшін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ олардың оқу нәтижелерінің жетістіктерін объективті бағалау. Пән болашақ педагогтар мен білім беру саласындағы мамандардың оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқу процесін ұйымдастыруға қажетті құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.	Ұйымдастыру және басқару	4			+	+										
19.	Академиялық сауаттылық	Мақсаты: әр түрлі жанрдағы академиялық мәтіндерді құрастыру барысында мәтіндік құзыреттілікті дамыту. Курс тиімді жазбаша коммуникацияны құруға арналған, білім алушылар ғылыми жазуды құрудың принциптері мен әдістемесін зерттейді, жазбаша түрде нақты негіздей алатын, ойын сауатты түрде жеткізе алатын, зерттеу жұмысын жазбаша форматта дайындай алатын, өз идеяларын жазбаша сауатты ұсына алатын дағдыларды игереді.	Ұйымдастыру және басқару	4									+			+		+

20.	Жасанды интеллект негіздері	Курс білім алушыларды ЖИ негізгі тұжырымдамаларымен, әдістерімен және қосымшаларымен таныстыруға арналған. Курстың мақсаты – студенттерге қазіргі әлемде жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен қолданылуы және олардың әртүрлі қызмет салалары үшін маңызы туралы негізгі білім беру.	Ұйымдас тыру және басқару	5		+								
21.	Қазақ фольклоры	Пәннің мақсаты – білім алушыларды ауыз әдебиеті мұраларының жиналу, жариялану, зерттелу жай-күйін жан-жақты хабардар ету, оларға фольклорлық мұралардың генезисін, тарихилығын, жанрлық белгілерін ұғындыру. Курс фольклорды жинаудың маңызын, мақсаты мен шарттарын, ерекшеліктері мен тәсілдерін, фольклорды жариялаудың шарттары мен түрлерін, фольклорды зерттеудің түрлері мен мақсат-бағыттарын, оқу-ағарту мақсаттағы еңбектерді, ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеулерді қарастырады.	Фольклор және әдебиет тану негіздері	4							+	+		
22.	Әдебиеттану негіздері	Пәннің мақсаты – әдебиет теориясы ауқымындағы поэтика, стиль, жанр тәрізді негізгі мәселелермен қатар әдебиет тарихын зерттеу аялары мен жолдары, историография, библиография пәндерінің мән-сыры, текстология мен әдебиет сынының теориялық, практикалық ерекшеліктері туралы білім алушылардың білімін қалыптастыру. Курста сөз өнерінің қалыптасу тарихы, әдеби ойдың даму тарихы, өлең туралы ғылыми пайымдаулар, өлең өлшемдері, әдеби процесс оқытылады.	Фольклор және әдебиет тану негіздері	4							+	+		
23.	Психологиялық-педагогикалық практика	Мамандық бойынша кәсіптік қызмет түрлері, олардың функциялары мен міндеттері. Инновациялық технологиялар, еңбек пен өндірістің озық әдістері. Сабақ жоспары. Өз бетінше өз қызметті жоспарлай білу, әріптестермен пайдалы байланыстарды орнату. Психология-педагогикалық практикаға қажетті білік-дағдылар. Таңдап алынған мәселе бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеуді іске асыру.		2			+		+					+
24.	Орфография және пунктуация негіздері	Пәннің мақсаты-емле мен пунктуация туралы, осы бөлімдердің негізінде жатқан принциптер туралы тұтас жүйелік идеяны қалыптастыру. Пән болашақ мұғалімдердің емленің теориялық негіздерін игеруіне, фонетика мен графика теориясы, морфемика мен сөзжасам, морфология мен синтаксис негізінде тұрақты орфографиялық және пунктуациялық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.	Қазіргі қазақ тілі	4							+			+

25.	Тіл біліміне кіріспе	Пәннің мақсаты-лингвистиканың негізгі бөлімдері және ұғымдарымен, тіл білімінің теориялық негіздерімен, терминдермен таныстыру. Тіл туралы, тіл білімінің бөлімдері туралы негізгі теориялық білімді қалыптастыру. Тілдік материалмен, сондай-ақ лингвистикалық талдау және лингвистикалық зерттеулер жүргізу әдістерімен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын дамыту.	Қазіргі қазақ тілі	4							+	+				
26.	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	Пәннің мақсаты тіл табиғатын дәл танытатын сингармониялық теория арқылы қазақ тілінің фонетикалық құрылымын, қазақ тілінің сегментті, просодикалық және суперсегментті бірліктері бойынша кешенді-сатылық фонетикалық талдау дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Курс сингармонизм құбылысы, фонологиялық функциясы, морфонологиялық құбылыстар, оның фонетикалық құбылыстардан айырмашылығы, позициялық өзгерістер, қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы, фонетикалық транскрипцияны меңгеруге бағытталған.	Қазіргі қазақ тілі	4							+					+
27.	Қазақ жазуының тарихы және латын графикасы	Пәннің мақсаты студенттерді қазақ тілі мен латын графикасының негізін қалаған қазақ халқының ғалымдары мен ағартушыларының еңбектерімен таныстыру негізінде қазақ және латын жазуының пайда болу тарихымен таныстыру болып табылады. Пән қазақ графикасы, көне түркі жазуы, араб жазуы негізінде қазақ жазуының қалыптасу тарихын білуге, жаңа қазақ әліпбиінің ерекшеліктерін игеруге бағытталған.	Қазіргі қазақ тілі	4							+					+
28.	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы	Пәннің мақсаты қазақ тілінің лексикалық жүйесінің ғылыми және теориялық негіздерін меңгеру, жазбаша және ауызша дискурста дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Пәнді оқу барысында студенттер сөздердің мағыналық және стилистикалық ерекшеліктерін ажырата білуді, фразеологизмдерді орынды қолдануды, лексикологиялық талдау жасауды үйренеді.	Қазіргі қазақ тілі	5								+				+
29.	Қазіргі қазақ тілінің семасиологиясы	Пәннің мақсаты студенттерге жалпы семантиканың қазақ семасиологиясы және басқа да тілдердің семасиологияларымен арақатынасының теориялық-практикалық негізін үйрету болып табылады. Пән семасиология ғылымын, зерттеу нысанын меңгеруге бағытталған. Студенттердің сөз және ұғымды, сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасы, денотаттық, сигнификаттық мағынасы, лексикалық мағынаның түрлері, типтері, лексикалық мағынаның микрокомпоненттері, макрокомпоненттерін ажырату дағдыларын қалыптастырады.	Қазіргі қазақ тілі	5								+				+

30.	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	Пәннің мақсаты сөздердің тұлғалық өзгеруі, олардың формаларын қарастырудың тәсілдері, сөздердің өзіне тән грамматикалық сипаты жөнінде теориялық білім беру, тілдік тұлғаларға практикалық тұрғыда талдау жасауға үйрету болып табылады. Пән студенттерге морфологияның басты сұрақтарына, яғни сөз топтастыру мәселесі, күрделі сөздер сипаты, сөз таптарына ажырата білу және морфологиялық талдау жасау дағдысының қалыптасуына бағытталған.	Қазіргі қазақ тілі	5								+			+
31.	Қазіргі қазақ тілінің морфонологиясы	Пәннің мақсаты-студенттерді фонетика мен морфонологияның өзіндік формаларын ажыратуға үйрету. Пән морфеманың фонологиялық құрылымын және фонеманың морфологиялық өрісін морфонологияны зерттеу объектісі ретінде зерттеуге, морфемалар жиынтығындағы дыбыстық алмасуларды және дыбыстың әртүрлі нұсқаларын жан-жақты қарастыруға бағытталған.	Қазіргі қазақ тілі	5								+			+
32.	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	Пәннің мақсаты қазіргі қазақ тілінің синтаксистік жүйесін тану болып табылады. Пән ғылымда әбден зерттеліп тұрақталған көзқарас тұрғысынан танып білуге, сипаттауға, әдеби тіл нормаларын игеруге, болашақ маманның сөз тіркесінің түрлерін, сөйлем түрлерін, сөйлем мүшелерін, сөйлемнің құрылымдық типтерін, бөгде сөз, оның түрлерін білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.	Қазіргі қазақ тілі	5								+			+
33.	Синтаксистік синтагма	Пәннің мақсаты синтагма туралы түсінікті қалыптастырып, синтагма түрлері мен синтагманың қызметін, синтагмалық қатынас, синтагмалық процесс, сөйлемдегі синтагма түрлері: предикативтік, объективтік, сөйлемдегі синтаксистік байланыс түрлерін білу болып табылады. Пән сөйлемдегі синтагма түрлерін анықтау арқылы сөйлемдегі синтаксистік байланыс түрлерін ажырата білуге бағытталған.	Қазіргі қазақ тілі	5								+			+
34.	Орта ғасырлардағы қазақ әдебиеті	Пәннің мақсаты - орта ғасырлық және хандық дәуірдегі әдебиетті, сол дәуірдегі жанр ерекшеліктерін меңгеру. Пән орта және XV-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетіне тән негізгі белгілер мен ерекшеліктерді, жыраулар кезеңін, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Жиымбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау, Тәтіқара ақын, Шал ақын, Жанақ ақын шығармаларының ерекшелігін оқытуға бағытталған.	Қазіргі қазақ әдебиеті	5								+	+		
35.	Ежелгі және хандық	Пәннің мақсаты-студенттердің туған өлке туралы әдеби процестің заңдылықтары туралы білімдерін қалыптастыру; әлеуметтік-мәдени контексте аймақ тарихының көркемдік	Қазіргі қазақ әдебиеті	5							+	+			

		шығармашылығын зерттей білуге бағытталған. Кеңестік идеологияның әдебиетке ықпалын бағалай білу, кеңестік және постсоветтік қазақ әдебиетінің сабақтастығын анықтау дағдылары қалыптастырылады.													
41.	XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті	Пәннің мақсаты XX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби процесс пен әдебиет тарихы туралы, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген табыстары туралы білім беру болып табылады. Пән қазақ әдебиеті тарихының осы кезеңдегі шығармаларын талдап, бағалау бойынша білімді меңгертуге, студенттердің қазақ ақын-жазушыларының шығармаларының талдау дағдысын, мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін зерттеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған.	Қазіргі қазақ әдебиеті	5									+	+	
42.	Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиеті	Пәннің мақсаты – студенттерге қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму кезеңдері мен әр кезең өкілдерінің шығармаларымен таныса отырып, әдеби шығармаларды талдау дағдыларын игерту. Курс қазіргі қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін, қазіргі кезеңдегі драматургияны, қазақ әдеби сынының жайын, қазіргі қазақ сатирасын, қазіргі қазақ романдарын, повестерін, әңгімелерін, деректі прозасын, лирикасын, философиялық лирикасын, поэмаларын қарастырады.	Қазіргі қазақ әдебиеті	4									+	+	
43.	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті	Пәннің мақсаты студенттердің тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің ғылымилық ұстанымы, оқытудың жүйелілігі, жоспарлылығы ұстанымы туралы білімін қалыптастыру болып табылады. Пән тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің даму бағыттары мен әсер етуші ағымдарды түсінуге және студенттердің әдеби шығармаларды сыни тұрғыдан талдай білу, көркемдік ерекшелігін, автордың стилі мен жазу техникасын талдай білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.	Қазіргі қазақ әдебиеті	4									+	+	
44.	Абайтану	Пәннің мақсаты қазақтың ұлы ақыны, ойшылы және ағартушысы Абай Құнанбаевтың өмірін, шығармашылығы мен философиялық көзқарасын жан-жақты зерттеу болып табылады. Пән қазақ әдебиеті, мәдениеті мен қоғамдық ойының дамуындағы Абайдың рөлін түсінуге бағытталған.	Қазіргі қазақ әдебиеті	4					+					+	+
45.	Қажымтану	Пәннің мақсаты қазақ әдебиеттану ғылымы мен Қажым Жұмалиевтің зерттеу еңбектерін білу болып табылады. Пән Қ.Жұмалиевтың эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар мен тарихи жырлар, олардың жанрлық ерекшеліктері туралы зерттеулерін меңгеруге, Қ. Жұмалиевтің жазушылық стиль	Қазіргі қазақ әдебиеті	4										+	+

		туралы ойларын талдап, қазақ әдебиеттану ғылымындағы Қажымтану мәселелеріннің ерекшеліктерін білуге бағытталған.																
46.	Қазақ әдебиеті сынының тарихы	Пәннің мақсаты қазақ әдеби сынының тарихи дамуын, кезендерін, ерекшеліктерін зерделеу болып табылады. Пән әдеби сыншылардың шығармашылық өсуін, олардың қоғамдық-әлеуметтік, саяси-идеологиялық көзқарастарының қалыптасуын анықтауға, әдеби сынның тарихи дамуындағы белгілі тұлғалардың, жетекші сыншылардың ғылыми-теориялық, сыни-эстетикалық көзқарастарын, ұстанымдарын, әдістерін терең талдауға, студенттердің зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға бағытталған.	Қазіргі қазақ әдебиеті	5					+					+	+			
47.	Өлке әдебиеті	Пәннің мақсаты әдеби-аймақтық зерттеулер арқылы студенттердің теориялық білімін қалыптастыру болып табылады. Студенттер жазушы не ақын өмір сүрген аймақтағы шығармашылық өкілінің шығармашылық зертханасын зерттеуді үйренеді. Пән туған өлке әдебиетін оқу арқылы патриоттық сезімдерді қалыптастыруға, туған жердің әдеби өмірін бағалауда зерттеушілік қабілеті қалыптастыруға бағытталған.	Қазіргі қазақ әдебиеті	5					+					+	+			
48.	Тілдік қатынас негіздері	Пәннің мақсаты-сөйлеу дағдыларын жетілдіру, ауызша және жазбаша қарым-қатынас түрлерінің ерекшеліктері туралы білімді практикалық қолдану арқылы білім беру саласындағы тиімді тілдік қарым-қатынас негіздерін оқыту. Пән тілдік қарым-қатынастың принциптерін, қызметін, негізгі бірліктерін, нысандары мен түрлерін; тілдік коммуникацияның ауызша және жазбаша түрлерінің ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған.	Қатысымдық мәдениет және оқыту әдістемесі	5										+				+
49.	Қазақ-орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы	Пәннің мақсаты қазақ тілінің грамматикалық құрылымымен салыстыра отырып, орыс тілінің грамматикалық құрылымының ерекшеліктерін зерделеу болып табылады. Пән қазақ және орыс тілдерін үйренуге; барлық деңгейлердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, салыстырылатын тілдік жүйелерді анықтауға; салыстырылатын тілдердің құрылымы мен жұмысының барлық деңгейлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға бағытталған.	Қатысымдық мәдениет және оқыту әдістемесі	5	+	+				+								
50.	Жаңаша оқыту технологиясының теориясы	Пәннің мақсаты-студенттердің проблемалық оқыту технологиялары, сыни ойлау технологиялары, білім берудегі инновациялар туралы жаңа оқыту технологияларының түрлері туралы білімдері мен дағдыларын қалыптастыру. Пән оқыту	Қатысымдық мәдениет және оқыту әдістемесі	4				+		+								+

		технологияларының түрлеріне байланысты әдістер мен әдістерді қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.												
51.	Басқа ұлт мектептерін дегі қазақ мен әдебиетін оқыту әдістемесі	Пәннің мақсаты -басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің ұстанымдарын меңгерту болып табылады. Пән қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда қолданатын әдістер жүйесін сұрыптап, қолдана білуге, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің құрылымы, мазмұнын білуге бағытталған.	Қатысымдық мәдениет және оқыту әдістемесі	5					+				+	
52.	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Пәннің мақсаты болашақ мұғалімдерді қазақ тілін оқытудың теориялық негіздерімен және практикалық әдіс-тәсілдерімен таныстыру болып табылады. Пән қазақ тілін оқытудың заманауи технологияларын үйретуге, тілдік дағдыларын (тыңдалым, айтылым, жазылым) дамытуға, қазақ тілі сабағын жоспарлауды үйретуге және оқушылардың оқу жетістіктерін дамытуға, Action Research және Lesson Study әдістерін қолдану арқылы оқыту үдерісін жетілдіруге бағытталған.	Қатысымдық мәдениет және оқыту әдістемесі	5					+			+	+	
53.	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	Пәннің мақсаты - қазіргі мектептің жұмыс жағдайында практикалық қызмет үшін қажетті білім, кәсіби дағдылар жүйесін беру. Пәнді оқыту әдістемесінің негізгі талаптары мен мақсаттарын білуге; мектепте әдебиетті оқытудың әдістерін игеруге; пәннің ерекшелігі мен маңыздылығын анықтауға оқушылардың оқу жетістіктерін дамытуға, Action Research және Lesson Study әдістерін қолдану арқылы оқыту үдерісін жетілдіруге бағытталған.	Қатысымдық мәдениет және оқыту әдістемесі	5					+			+	+	
54.	Педагогикалық практика	Мамандық бойынша кәсіптік қызмет түрлері, олардың функциялары міндеттері. Инновациялық технологиялар, еңбек пен өндірістің озық әдістер. Сабақ жоспары, әдістері, тәсілдері. Мектеп мұғаліміне қойылатын талаптар, игеруге қажетті икем-дағдылар. Кәсіптік-педагогикалық біліктілік. Педагогикалық практикаға қойылатын талаптар. Практика бойынша жүргізілетін жұмыстар, қажетті құжаттар. Тұлғалық-бағдарлы білім беру жағдайында білім беру және тәрбиелеудің жана заманғы технологияларын меңгеру.	Қатысымдық мәдениет және оқыту әдістемесі	6					+			+	+	
55.	Өндірістік-педагогикалық практика	Өндірістік педагогикалық практикаға қойылатын талаптар, мақсаты мен міндеттері. Мамандық бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдылар, нақты ғылыми, техникалық, экономикалық, өндірістік, сонымен қатар мәдени мақсаттар. Пән мұғалімінің және сынып жетекшісінің оқыту-әдістемелік	Қатысымдық мәдениет және оқыту әдістемесі	15					+			+	+	

		құжаттамаларымен танысу. Бекітілген сыныптағы мектеп оқушыларының рухани тәрбие деңгейін анықтау.												
56.	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары	Пәннің мақсаты қазіргі сабақ және технология талаптарын түсіндіру арқылы қазақ тілі мен әдебиетті оқытуды үйрету болып табылады. Мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы технология талаптары және білім беру үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдерді, оқыту технологияларын меңгеру Болашақ мұғалімдер түрлі технологияларды қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда қолдана білуі.	Тіл мен әдебиеттің теориялық және әдіснамалық мәселелері	5			+		+					+
57.	Педагогикалық шешендіктану	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі бағыттарын арттыру болып табылады: өзара әрекеттесуге арналған құзыреттілік саласы, педагогтердің жұмыс ортасы үшін құзыреттер саласы. Курс студенттерде кәсіби коммуникативтік құзыреттіліктің қажетті деңгейін қалыптастыруға; студенттерді шешендік өнердің, іскерлік сөйлеудің негіздерін, тиімді қарым-қатынас әдістерін табысты меңгеруге дайындауға бағытталған.	Тіл мен әдебиеттің теориялық және әдіснамалық мәселелері	5					+					+
58.	Қазақ әдеби тілінің тарихы	Пәннің мақсаты-семантика теориясының негізгі ғылыми-теориялық ережелерін талдау, қазақ тілінің деректері негізінде сөздің мағынасын анықтау. Пән қазақ тілінің ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі эволюциясын, грамматикалық құрылымдардың өзгеру заңдылықтарын, тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана білуді, контексте лингвистиканың негізгі ұғымдары мен принциптерін қолдана білуді зерттеуге бағытталған.	Тіл мен әдебиеттің теориялық және әдіснамалық мәселелері	4						+				+
59.	Қазақ тілінің тарихи грамматикасы	Пәннің мақсаты-семантика теориясының негізгі ғылыми-теориялық ережелерін талдау, қазақ тілінің деректері негізінде сөздің мағынасын анықтау. Пән қазақ тілінің ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі эволюциясын, грамматикалық құрылымдардың өзгеру заңдылықтарын, тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана білуді, контексте лингвистиканың негізгі ұғымдары мен принциптерін қолдана білуді зерттеуге бағытталған.	Тіл мен әдебиеттің теориялық және әдіснамалық мәселелері	4						+				+
60.	Балалар әдебиеті	Пәннің мақсаты балалар әдебиетінің тарихы мен дамуын зерттеу болып табылады. Пән балалар әдебиетінің жанлары мен ерекшеліктерін түсінуге, балаларға арналған шығармаларды талдау және бағалау дағдыларын қалыптастыруға, балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, әдеби шығарманы таңдай білуге бағытталған.ж	Тіл мен әдебиеттің теориялық және әдіснама	4							+	+		

			лық мәселелері														
61.	Орыс әдебиеті	Пәннің мақсаты - студенттерге орыс әдебиетінің дамуының жүйелі мазмұнын ұсыну, әдеби процестің негізгі заңдылықтарын біртұтас құбылыс ретінде анықтау, студенттердің көркем мәтінді әдеби талдау дағдыларын және әдеби-танымдық дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру.	Тіл мен әдебиеттің теориялық және әдіснамалық мәселелері	4	+							+					
62.	Жалпы тіл білімі	Пәннің мақсаты тіл туралы жалпы теориялық білім беру, тілдің табиғаты, құрылымы және функциялары туралы түсінік қалыптастыру болып табылады. Пән тіл білімінің негізгі бөлімдері мен салаларын таныстыруға, тіл білімі тарихының негізгі кезеңдерін білуге, лингвистикалық мектептердің тілдің пайда болуы туралы теорияларын білуге, студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.	Тіл мен әдебиеттің теориялық және әдіснамалық мәселелері	4								+	+				
63.	Когнитивті лингвистика	Пәннің мақсаты студенттердің тіл мен сананың арақатынасы мәселелері, әлемді қабылдау мен түрлі санаттарға жіктеудегі тұжырымдар туралы түсініктері туралы түсінігін қалыптастырып, тілді зерттеуде және лингвистикалық объектілерді модельдеуде когнитивті лингвистика әдістерін қолдану дағдылары дамыту болып табылады. Пән тіл мен сананың арақатынасы, әлемді тұжырымдау мен санаттаудағы тілдің рөлі мәселелерін зерттеуге бағытталған.	Тіл мен әдебиеттің теориялық және әдіснамалық мәселелері	4	+						+	+					
64.	Әлем әдебиеті	Пәннің мақсаты білім алушылардың әлемдік әдебиет саласында іргелі теориялық білім алуға бағытталған құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады. Осы пәнді оқу барысында студент медиа мәтіндер мен медиа өнімдерді, коммуникациялық өнімдерді құру процесінде отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерін пайдалану дағдыларына ие болады.	Тіл мен әдебиеттің теориялық және әдіснамалық мәселелері	5										+	+		
65.	Шетел балалар әдебиеті	Пәннің мақсаты әлемдік балалар әдебиетінің ең үздік үлгілерін үйрету болып табылады. Пән әдеби талғамды қалыптастырып, дамытуға, қазіргі әлемдегі балалар әдебиетінің орны мен рөлін білуге, әр түрлі халықтардың мифтерінің ерекшелігін, балалардың жас ерекшелігіне қарай қажетті материалдарды іріктей білуге, әдеби шығарманы талдау қабілетін жетілдіруге бағытталған.	Тіл мен әдебиеттің теориялық және әдіснамалық мәселелері	5								+				+	+

4. Модульдер сипаттамасы

Модуль	Құрамдық компоненттің атауы	Пререквизиттер	Білім беру нәтижелері
1	2	3	4
Жалпы білім беру пәндері	Қазақстан тарихы	Қажет етпейді	<p>Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;</p> <p>сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;</p> <p>қазіргі Қаақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;</p> <p>заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделей білу;</p> <p>Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру.</p>
